

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқармасының  
2015 жылғы 10 қараша  
шешімімен бекітілген  
№ 55 Хаттамасының 12 тармағы**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның  
Ақпараттық қауіпсіздік саясаты**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу маңызды ақпараттық ресурс болып табылатын ақпаратты басқарумен тығыз байланысты. Ақпараттық қауіпсіздік (бұдан әрі – АҚ) ҚМГ-ның сәтті және тұрақты жұмысының сыни факторларының бірі болып табылады. ҚМГ-ның, оның қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тараптар өкілдерінің АҚ-ны қамтамасыз ету бірінші дәрежелі міндеттердің бірі болып табылады.

1.2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) ҚМГ жетекшілігінің АҚ-ны қамтамасыз етуге қатысты көзқарасын сипаттайтын негіз қалаушы құжат болып табылады.

**2. Негізгі мақсаттар мен міндеттер**

2.1. Саясат мынадай негізгі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- 1) ақпаратты шынайы және әлеуетті қатерлерден қорғау;
- 2) қатерлердің әсер етуі кезінде салдарларды азайту және оқшаулау;
- 3) АҚ-ны қамтамасыз ету саласында корпоративтік мәдениетті дамыту.

2.2. Саясаттың негізгі міндеттері мынадай:

- 1) АҚ-ның шынайы және әлеуетті қатерлерін анықтау, алдын алу және бейтараптандыру;
- 2) АҚ қатерлеріне жедел жауап қайтару механизмдерін жетілдіру;
- 3) АҚ тәуекелдерін тиімді басқару;
- 4) ҚМГ-ның қызметкерлерін АҚ сұрақтары бойынша хабардар ету, оқыту, білімдерін бақылау.

Аталған міндеттерді шешу үшін ҚМГ-да ақпараттық қорғауды басқарудың дәлме-дәлі және үйлесімді құралдарын таңдау қабілетін растытын, ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі (бұдан әрі – АҚМЖ) ендірілген.

АҚМЖ белгілі бір қолдану облысында әрекет етеді және:

- 1) ISO/IEC 27001:2013 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйелері. Талаптар» халықаралық международному стандартына;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, нормативтік құжаттарға және ҚМГ-ның келісім-шарттық міндеттемелеріне сәйкес келеді.

АҚМЖ ҚМГ-ның жалпы менеджмент жүйесінің бір бөлігі бола отырып, осы Саясатта, сонымен бірге Саясатта келтірілген ережелерді олардың тәжірибе жүзінде іске асырылуы деңгейінде нақтылайтын, дамытатын және де ҚМГ-ның барлық қызметкерлері үшін, сондай-ақ ҚМГ-ның ақпараттық ресурстарына қатынау мүмкіндігі бар үшінші тараптардың өкілдері үшін міндетті болып табылатын, АҚМЖ-ның басқа құжаттары (жетекшіліктер, қағидалар, рәсімдер, жұмыс нұсқаулары мен т.б.).

### **3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы негізгі қызмет ұстанымдары**

ҚМГ-да АҚМЖ шеңберінде АҚ-ны қамтамасыз ету мынадай негізгі ұстанымдарға сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) заңдылық;
- 2) үдерістік жол;
- 3) қорғау тәсілдерін, әдістері мен құралдарын кешенді түрде пайдалану;
- 4) үздік тәжірибелерді ұстану;
- 5) саналы жеткіліктілік;
- 6) дербес жауапкершілік.

### **4. Жауапкершілік**

4.1. ҚМГ жетекшілігі осы Саясатты іске асыруға жауапты болады.

4.2. ҚМГ-ның функционалды блок жетекшілері, құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері, қызметкерлері АҚМЖ құжаттарына сәйкес АҚ талаптарын қамтамасыз ету және орындау қызметін қолдау бойынша өзінің міндеттемелерін сөзсіз толықтай орындауға жауапты болады, ал ҚМГ-ның ақпараттық ресурстарына қатынау мүмкіндігі бар үшінші тараптардың өкілдері – келісімшарттық міндеттемелерге сәйкес жауапты болады.

4.3. ҚМГ-ның жауапты құрылымдық бөлімшесі ҚМГ жетекшілігі алға қойған мақсаттар мен міндеттерге, сонымен бірге АҚМЖ құжаттарында көрсетілген талаптарды орындауды қадағалауға жауапты болады. Бұл талаптардан барлық өзгешеліктер міндетті тәртіпте жауапты құрылымдық бөлімшемен келістіріледі.

### **5. Қорытында ережелер**

5.1. Саясат бизнестің дамуындағы елеулі өзгерістер жағдайында, сонымен бірге Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе реттеуші органдардың талаптары жағдайында қайта қаралады. Саясатты, сондай-ақ оған барлық өзгерістерді ҚМГ Басқармасы бекітеді.

5.2. Саясат ҚМГ-ның ресми веб-сайтында орналастырылады.